

## Қарағанды қаласының Театральная көшесін қайта атау туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қарашадағы N 82/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 25 қарашада N 117 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 желтоқсанда N 4042 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Қарағанды қаласындағы Театральная көшесі Тиышбек Ахановтың есімімен қайта аталсын.

2. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімінің орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына және Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (С.М.Әдекенов) жүктелсін.

3. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі*  
*Қарағанды облыстық*  
*мәслихаты сессиясының төрағасы*  
*Қарағанды облыстық*  
*мәслихатының хатшысы*

*Н. Әбдібеков*

*Г. Прокоп*

*Р. Әбдікерев*